

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

МЕДИСІНА

АКАДЕМИЯСЫ

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

MEDICAL

ACADEMY

АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»

Неврология, психиатрия, реабилитология және нейрохирургия кафедрасы

56/11И

«Жалпы медицина» мамандығы бойынша «Балалар неврологиясы» пәнінен бакалаврларды
бақылау-бағалау әдістері

28 беттің 1 беті

БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Пән: Балалар неврологиясы

Пәннің коды: BN 6312

Білім беру бағдарламасының атауы: 6В10113 – Педиатрия

Жалпы оқу сағаты/кредит: 90 с./3 кредит

Оқу семестр және курс: 6 курс/ХІІ семестр


Бақылау-бағалау әдістері

Шымкент 2025 ж.

1 аралық бақылауға арналған бағдарлама сұрақтары

1. Орталық және шеткі жүйке жүйесінеанатомиялық-физиологиялық қысқаша шолу.
2. Рефлекторлы сфера.
3. Қимыл-қозғалыс пен оның бұзылыстары.
4. Сенсорлық бұзылыстардың сезімталдығы мен семиотикасы.
5. Жұлын миының түрлі деңгейдегі зақымдануының синдромдары.
6. Мишықтың қызметі және мишық семиотикасы.
7. Ми бағанасы.
8. Бассүйек жүйкелерінің каудалды тобының зақымдалу синдромдары.
9. Бульбарлы және псевдобульбарлы синдром.
10. Ауыспалы синдромдар.
11. Ортаңғы ми.
12. Көзқимылдатқыш жүйкелердің зақымдалу синдромдары.
13. Иіс сезу және көру анализаторлары.

Құрастырған  кафедра ассистенті С.К. Мусаева

 кафедра ассистенті Г.Е. Толебаева

Кафедра меңгерушісі, м.ғ.к., профессор  Н.А. Жаркинбекова

Хаттама № 1 «27» 08 2025 ж.

2 аралық бақылауға арналған бағдарлама сұрақтары

1. Зақымдалу семиотикасы.
2. Ми қыртысы.
3. Жоғары ми қызметтерінің зақымдалу синдромдары.
4. Вегетативті жүйке жүйесінің зақымдалу симптомдары мен зерттеулері.
5. Ми қабықшалары.
6. Жұлын ми сұйықтығы.
7. Менингеалды синдромдар.
8. Шеткі жүйке жүйесінің зақымдалу симптомдары мен зерттеулері.
9. Ми қанайналымының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері. Ұйқы және омыртқа артерияларының бассейніндегі клиникалық ишемияның симптомдары.
10. Мидың ишемиялық бұзылыстарының жіктелуі.
11. Ишемиялық геморрагиялық инсульттер. Этиологиясы, патогенезі, клиникасы, дифдиагностикасы
12. Эпилепсия және басқа да ұстамалық синдромдар. Жіктелуі, диагностикасы, ағымы, емі.



Неврология, психиатрия, реабилитология және нейрохирургия кафедрасы

56/11И

«Жалпы медицина» мамандығы бойынша «Балалар неврологиясы» пәнінен бакалаврларды
бақылау-бағалау әдістері

28 беттің 3 беті

Құрастырған: А.А. Есетова кафедра ассистенті Есетова А.А.

С.О. Абдраимова кафедра ассистенті Абдраимова С.О.

Каф.меңгерушісі, м.ғ.к., профессор Н.А.Жаркинбекова

Хаттама № 1 «28» 08 2023 ж.

Аралық аттестацияға (емтихандық сессия) арналған билет сұрақтары

Билет №1

1. Атаксия дегеніміз не?
2. Науқаста басының оң жағында маңдай-төбе бөлігінде, оң көз алмасында ұстама тәрізді атқыш ауру сезімі байқалады, осы аймақтарда сезімталдығы төмендеген, оң жақта корнеальды рефлекстің төмендеуі байқалады.
-Науқаста қандай симптомдар анықталды?
-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?
3. Науқаста керілу симптомдарын зерттеуді көрсетіңіз.
4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет № 2

1. Кортикоспиналды жолды сипаттаңыз.
2. 45 жастағы монтаждаушы ер азаматта клиникаға түскенде аяқтарында парестезияларға және атып ауру сезіміне шағымданды. Қару кезінде: терең сезімталдылықтың жойылуы, жүріс қиындығы, әсіресе қараңғыда байқалады.
-Науқаста қандай симптомдар анықталды?
-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?
3. Менингиалды симптомдарды тексеруді көрсетіңіз.
4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет № 3

1. Кортиконуклералы жолды сипаттаңыз.
2. Науқаста неврологиялық статусты қарағанда, анықталады:
Оң қол және оң аяқта рефлекстердің жоғарылауы, бұлшықет тонусының жоғарылауы, оң аяқ басының клonusы, Бабинский, Гордон, Россолимо симптомдары оң, оң жақтың барлық бұлшық еттерінің күші 2,5 баллға тең.
-Науқаста қандай симптомдар анықталды?
-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?
3. Науқаста келесі рефлекстерді зерттеу әдістерін көрсетіңіз: корнеалды, тандай, жұту рефлекстері.
4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет №4

1. Рефлекс дегеніміз не?
2. Науқасты қарау кезінде сөйлеудің бұзылысы, сөздерді айту қиындауы, дауыстың маңқаланып шығуы, жұтыну кезінде шашалу, фонация кезінде жұмсақ тандай

қозғалыссыз, жұтыну рефлексі жоқ, тіл бұлшықетінде екі жақты атрофиясы және фибрилляциясы байқалады.

-Науқаста қандай симптомдар анықталды?

-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?

3. Науқаста беткейлік сезімталдықтың түрлерін зерттеуді көрсетіңіз

4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет №5

1. Нерв жүйесінің функциональді және структуралық единицасы.

2. Неврологиялық стационарда 57 жасар науқас емделуде, дегенмен оның жүрісі өзгерген: алға қарай тартады, денесінің барлық бөлімінде ісіну байқалады, қалпын өзгерту қиындық тудыртады, қозғалыс уақытында тоқтап қалады. Қалыпты жағдайда қол саусақтарында ұсақ тремор пайда болады, қарау кезінде аяқ қолдардың парездері байқалмайды, бұлшықет тонусы «тісті дөңгелек» типінде жоғарылаған. Науқаста қандай клиникалық синдром болуы мүмкін?

-Науқаста қандай симптомдар анықталды?

-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?

3. Праксисті тексеруді көрсетіңіз

4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет №6

1. Паралич дегеніміз не?

2. 58 жасар ер кісі мұғалім, сол аяқ-қолында біртіндеп қатты ауру сезімі пайда болды, қараңғыда жүрісі өзгерді. Объективті қарау кезде: сол жақта: сезімталдық шегі төмендеген, сәл ғана тітіркендірудің өзі өте жағымсыз, көру алаңының екі жақты жартылай түсіп қалуы анықталды.

-Науқаста қандай симптомдар анықталды?

-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?

3. Естунервінқалай тексеруін көрсетіңіз.

4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет №7

1. Бұлшық ет тонусы дегеніміз не?

2. 45 жасар әйел кісі, анамнезінде көптеген күйіктер болған, стационарда қарап тексергенде: сол жақта бұғанадан бастап кіндік деңгейіне дейін «жарты жейде» типі бойынша беткей сезімталдылық жойылған.

-Науқаста қандай симптомдар анықталды?

-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?

3. III, IV, VI бас ми нервтерін зеріттеу әдістерін көрсетіңіз.

4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет №8

1. Вернике-Манн қалпы дегеніміз не?

2. Науқаста неврологиялық статусты қарағанда, анықталды:

Ромберг қалпында көзін жұмғанда тұрақсыз, штампты жүріс анықталды терең сезімталдықтар байқалмайды.

-Науқаста қандай симптомдар анықталды?



Неврология, психиатрия, реабилитология және нейрохирургия кафедрасы

56/11И

«Жалпы медицина» мамандығы бойынша «Балалар неврологиясы» пәнінен бакалаврларды бақылау-бағалау әдістері

28 беттің 5 беті

-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?

3. Науқаста мишықтың зақымдалуын зеріттеу әдістерін көрсеңіз

4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет №9

1. Бец жасушалары дегеніміз не? Қызметі қандай?

2. Гипертонияның тұрақсыз ағымы бар 60 жастағы ер адамды жедел жәрдем ауруханасына әкелді. Науқаста неврологиялық статусты қарағанда, анықталды: Орталық гемипарез және оң жақта гемигипестезия, сол жақта птоз, сол жақта дивергентті страбизм, сол көзінде қарашықтың кеңеюі, қабағының төмен түсуі, қол және аяқта рефлексдер жоқ, бұлшық ет тонусының төмендеуі, бұлшық ет күші 2 балл.

-Науқаста қандай симптомдар анықталды?

-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?

3. Науқаста экстрапирамидальқ жүйені зерттеуін көрсетіңіз

4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет №10

1. Орталық паралич симптомдарын атаңыз.

2. 30 жасар әйел адамды стационарда қарап тексергенде Т8-Т10 дерматом деңгейінде белдік түрінде беткей сезімталдылықтың бұзылысы анықталады, терең сезімталдылық сақталған.

-Науқаста қандай симптомдар анықталды?

-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?

3. Гнозисті тексеруді көрсетіңіз.

4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет №11

1. Перифериялық паралич симптомдарын атаңыз.

2. Науқаста неврологиялық статусты қарағанда, анықталды:

Төмен қарағанда сол көзде заттың екі еселенуі және сол көз алмасының сыртқа әкетуінің шектелуі.

-Науқаста қандай симптомдар анықталды?

-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?

3. Науқаста күрделі Ромберг позасын жүргізіңіз.

4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз

Билет №12

1. Ішкі капсула зақымдану кезінде байқалатын симптомдар триадасы.

2. Науқаста неврологиялық статусты қарағанда, анықталды:

Дененің екі жақты емізікше деңгейінен бастап температуралық және ауырсыну сезімталдығының төмендеуі анықталды, терең сезімталдық сақталған.

-Науқаста қандай симптомдар анықталды?

-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?

3. Жылдам инсульт сынағы (FAST тест)

4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет №13

1. Орталық паралич кезіндегі болатын патологиялық рефлекстерді атаңыз.
2. 66 жасар ер азаматта ауруханаға түскенде координацияның бұзылысы, жүрген кезде тұрақсыздық байқалады. Саусақ-мұрын және тізе-тобық сынамасында оң жақты интенционды треморлар анықталды. Ромберг қалпында тұрақсыз, оң жаққа қарай құлайды.
-Науқаста қандай симптомдар анықталды?
-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?
3. Науқаста терең сезімталдықтың түрлерін зерттеуді көрсетіңіз
4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет №14

1. Броун-Секар синдромы дегеніміз не? Клиникалық көрінісі қандай?
2. Ер азамат 63 жаста, сол аяқ пен сол қолында біртіндеп әлсіздік дамыды, оң көзін жұма алмай қалды. Объективті: АҚ-200/100 мм.с.б., оң жақта көздің толық жабылмауы, «желкен» симптомдары оң, сол жақта спастикалық гемипарез аықталды.
-Науқаста қандай симптомдар анықталды?
-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?
3. Нейропсихологиялық тестілерді өткізу және бағалау (сөйлеу, жазу)
4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет №15

1. Жұлынның мойын қалыңдауы дәрежесінде толық зақымдалуының клиникасы
2. 67 жастағы әйел емханаға жиі (күн сайын) сол жақтағы төменгі жақтың ауырсынуына байланысты шағымданды. Ауырсыну өткір, қарқынды, шамамен 30 секундқа созылады, анальгетиктерді қабылдау шабуылдың пайда болуын тоқтатады.
-Науқаста қандай симптомдар анықталды?
-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?
3. Науқаста рефлекстердің зерттелуін көрсетіңіз: Бабинский, Оппенгейм
4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет №16

1. Жұлынның бел қалыңдауы дәрежесінде толық зақымдалуының клиникасы.
2. Ер азамат 38 жаста, клиникаға басының ауруына, салмақ тастауына, жалпы әлсіздікке, шаршағыштыққа шағымданып түсті. Неврологиялық статуста: беттің қисаюы, көзінде екі еселеніп көру, шүйде бұлшық еттерінің ригидтілігі. Анамнезінде: 1 жыл бұрын өкпе туберкулезбен ауырған.
-Науқаста қандай симптомдар анықталды?
-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?
3. Науқаста рефлекстердің зерттелуін көрсетіңіз: Гордон, Россалимо.
4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет № 17

- 1.Сезімталдық дегеніміз не? Қандай түрлері бар?
2. Науқас 45 жастағы ер адам, сөйлеу қабілетінің бұзылған. Сөйлеуге тырысқанда, тек бір ғана "эмбол" сөзін айтады, бірақ оған айтылған сөзді түсінеді. Сол жақта қол және аяқта

рефлексдердің жоғарылауы, бұлшықет тонусының жоғарылауы және патологиялық рефлекс белгілері бар.

-Науқаста қандай симптомдар анықталды?

-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?

3. Науқаста рефлексдердің зерттелуін көрсетіңіз: хоботтық, сорғыш.

4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет №18

1. Спиноталамустық жолды сипаттаңыз.

2. 20 жастағы ер адам 10 жасында бас сүйек-ми жарақатын алған. Осы жағдайдан кейін сол аяқта әлсіздік дамыды. Сол қолын тексеру кезінде бұлшықет гипотрофиясы және өлшемнің азаюы (оң қолымен салыстырғанда), проксимальды бөлімдерде күштің 2 баллға дейін төмендеуі, дистальды бөлімде 1 баллға дейін төмендеуі анықталған. Қол бұғу және аяқ жазу тонусының айтарлықтай артуы, бұлшық еттердің әлсіреуі, сіңірлі рефлексдердің жандануы, аяқ және қол клonusy, Бабинский және Рассолимо симптомдары анықталды

-Науқаста қандай симптомдар анықталды?

-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?

3. Науқаста іш қуысының рефлексдерін көрсетіңіз: жоғарғы, ортаңғы, төменгі.

4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет №19

1. Экстрапирамидалық жүйенің қызметі қандай?

2. 45 жастағы ер адам 20 жыл бойы аяқтарында әлсіздік сезімінің артып жатқанымен шағымданды. Аяқ бұлшықеттері күшін тексеру кезінде проксимальды бөлімдерде 2 баллға дейін ал табанда 1 баллға дейін төмендеген, бұлшық еттердің айқын атрофиясы және дистальды бөлімдерде фасцикуляциялар анықталған.

-Науқаста қандай симптомдар анықталды?

-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?

3. Науқаста үшкіл және бет нервінің зеріттеу әдістерін көрсетіңіз.

4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет №20

1. Пенфилд гомункулусы дегеніміз не?

2. 45 жастағы әйелде екі жыл бойы бет пен аяқ-қолдарда еріксіз жылдам қозғалыстардың пайда болғанын байқады. Науқастың анасында осыған ұқсас симптомдар 40 жасында пайда болған, кейіннен анасында жүріп-тұру бұзылысы және деменция пайда болған. Анасы 55 жасында қайтыс болан. Науқасты тексеру кезінде бет дене және аяқ-қолдарында тез еріксіз қозғалыстар байқалды. Ол еріксіз қозғалыстар жүру мен қозғалысты қиындатады; аяқ-қол бұлшықеттерінің тонусы қатты өзгермеген, рефлексдер орташа қалыпта, симметриялы, патологиялық рефлексдер анықталмайды.

-Науқаста қандай симптомдар анықталды?

-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?

3. Науқаста күрделі сезімталдықтың түрлерін зерттеуді көрсетіңіз: локализациялық және екі өлшемді-кеңістік

4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.



Неврология, психиатрия, реабилитология және нейрохирургия кафедрасы

56/11И

«Жалпы медицина» мамандығы бойынша «Балалар неврологиясы» пәнінен бакалаврларды бақылау-бағалау әдістері

28 беттің 8 беті

Билет №21

1. Стриалды жүйеге не жатады?
2. Науқас 50 жастағы әйел, соңғы жылдарда жүру кезінде шайқалу, мерзімді құлау байқалады. Қарау кезінде тік нистагм, дауссыз сөйлеу байқалады. Бұлшық ет тонусы төмендеген, Бабинский асинергиясы, ромберг сынамасы кезінде, алға немесе артқа ауытқумен жүргенде тұрақсыздығы анықталды; аяқ-қолдардың күші қалыпты, патологиялық рефлексстер және сезімталдықтың бұзылуы анықталмайды, аяқ-қолдарда координациялық сынамалар қанағаттанарлық орындалады.
-Науқаста қандай симптомдар анықталды?
-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?
3. Науқаста рефлексстердің зерттелуін көрсетіңіз: бицепстік, трицепстік және карпорадиалды.
4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет № 22

1. Паллидарлы жүйеге не жатады?
2. 65 жастағы ер адам, сол жақ аяқ-қолдары дірілімен шағымданды. Өзін 5 жылдан бері алғаш сол қолында дірілдеу және регидттілік пайда болған бері науқасын деп санайды. Ауру бірте-бірте дамып, сол аяғындағы регидттілік, содан кейін оң қолындағы дірілдеу және қаттылық қосылды. Объективті: гипомимия, сөйлеудің монотондылығы, қолында (сол жақта көп) "тиын санау" типі бойынша дірілдеу, "тісті дөңгелек" феноменімен бұлшық ет тонусының артуы, қозғалыс қарқынының баяулауы; сол аяқта — ригидтік және гипокинезия типі бойынша тонустың жоғарылауы.; орташа өмір сүру рефлексстері, симметриялық, патологиялық рефлексстер жоқ.
-Науқаста қандай симптомдар анықталды?
-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?
3. Науқаста рефлексстердің зерттелуін көрсетіңіз: Тізе және ахиллов рефлексстері.
4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет №23

1. Акинетики-регидтті синдром дегеніміз не? Клиникасы қандай?
2. 30 жастағы ер адамда бет асимметриясы байқалады: сол жақ маңдай және мұрын ерін қыртыстары тегістелген, ауыз бұрышы төмен түскен, мимикалық сынамаларды орындау мүмкін емес, сол жақ көз алмасы жоғары кетеді, көздің ақуыз қабығы көрінеді, сол жақ көз саңылауы оң жақтан кеңірек, сол жақ көз сирек жыпылықтайды, сол жақ тілдің алдыңғы ұштен екісінде дәмі жоғалған.
-Науқаста қандай симптомдар анықталды?
-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?
3. Науқаста күрделі сезімталдықтың түрлерін зерттеуді көрсетіңіз: дискриминационды және стерегноз.
4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет №24

1. Гиперкинездер дегеніміз не? Қандай түрлерін білесіз?



Неврология, психиатрия, реабилитология және нейрохирургия кафедрасы

56/11И

«Жалпы медицина» мамандығы бойынша «Балалар неврологиясы» пәнінен бакалаврларды бақылау-бағалау әдістері

28 беттің 9 беті

2. 35 жастағы әйел уақыт өте келе көрудің нашарлауына шағымдалды. Тексеру кезінде сол көздің сол жақ көру өрісінің және оң көздің оң жақ көру өрісінің түсуі байқалған, көру өткірлігі төмендетілмеген, басқа неврологиялық бұзылулар жоқ.

-Науқаста қандай симптомдар анықталды?

-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?

3. Науқаста XI XII бас ми нервтерін зеріттеу әдістерін зеріттеуді көрсетіңіз.

4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет №25

1. Көз алмасы қозғалысын қандай бұлшықеттер және нервтер іске асырады?

Иннервациясы қандай?

2. Науқас К., 19 жаста, температураның 39,0 с дейін жоғарылаған, қарқынды бас ауруы және екі рет құсу болған. Неврологиялық статус қарау кезінде: қарашықтар D=S, фотореакциялар тірі, бұлшықет тонусы сақталған, бұлшықет күші – 5 балл, сезімталдық сақталған, координаторлық сынамалар қанағаттанарлық, желке бұлшық ет ригидтілігін зеріттеу кезінде үш көлденең саусаққа ригидті екені анықталды, Керниг симптомы оң.

-Науқаста қандай симптомдар анықталды?

-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?

3. Науқаста I, II, бас ми нервтерін зеріттеу әдістерін зеріттеуді көрсетіңіз.

4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет №26

1. Бульбарлы синдром деген не? Клиникасы қандай?

2. 43 жастағы ер адам, сантехник, ұйқыдан тұрған соң оң қолдың әлсіздігін байқады. Жақында ол көп мөлшерде ішімдік ішіп, дастарханның соңында ұйықтап қалды. Қарау кезінде қол мен саусақтардың иілгіштерінің, иық және шынтақ бұлшықеттерінің әлсіздігі, бас саусақтың бүгілу және бұрылу әлсіздігі, сезімталдықтың барлық түрлерінің төмендеуі, иықтың үш басты бұлшықетінен рефлектің төмендеуі байқалады

-Науқаста қандай симптомдар анықталды?

-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?

3. Бұлшық ет тонусын қалай зеріттелетінін көрсетіңіз.

4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет №27

1. Псевдобульбарлы синдром дегеніміз не? Клиникасы қандай?

2. Науқаста неврологиялық статусты қарағанда, анықталды: Суреттегі немесе фотосуреттегі бейнеленген затты және оның аталуын атай алмайды.

-Науқаста қандай симптомдар анықталды?

-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?

3. Бұлшық ет күшін қалай зеріттелетінін көрсетіңіз.

4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет №28

1. Бет нервінің параличі дегеніміз не? Қандай түрлері бар? Клиникасы.

2. 52 жастағы әйел қолдың, әсіресе алғашқы үш саусақтың алақан бетіндегі шаншуына және ауырсынуына шағымданады. Ауырсыну бес жыл бойы алаңдатады және бірте-бірте артады. Симптомдар ұйқы кезінде және қолмен жұмыс істегенде (үтіктеу, тоқу) күшейеді.

Неврология, психиатрия, реабилитология және нейрохирургия кафедрасы

56/11И

«Жалпы медицина» мамандығы бойынша «Балалар неврологиясы» пәнінен бакалаврларды
бақылау-бағалау әдістері

28 беттің 10 беті

Соңғы жылы оларға әлсіздік пен қолдың салмағын жоғалту қосылды. Қарау кезінде екі жағынан да қолдың бас саусағының бұлшық еттерінің аумағында гипотрофия, оны бұрған және қарама-қарсы қойғанда әлсіздік, алғашқы үш саусақтың бүгілуінің әлсіздігі, Тиннельдің оң симптомы, алғашқы үш саусақтың алақан бетіндегі сезімталдықтың барлық түрлерінің төмендеуі анықталады.

-Науқаста қандай симптомдар анықталды?

-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?

3. корнеальді рефлекс қалай зеріттелетінін көрсетіңіз.

4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет №29

1. Зельдер зоналары дегеніміз не? Сипаттама беріңіз.

2. 48 жасар әйел, бас айналуға, жүрек айнуға және жұтынуының бұзылысына шағымданады, екі сағат бұрын пайда болған. Қарау кезінде: АҚ – 150/100 мм.сын.бағ., пульс – 90 сок/мин, дұрыс ырғақты. Объективті: оң жақтан птоз, миоз және энофтальм, дауысы дүмпіл, жұтыну мүмкін емес, жұмсақ таңдай оң жақтан салбыраған және жұтыну рефлексі жоғалған, аяқ-қол салдануы жоқ, беттің, тұлғаның және аяқ-қолдың оң жағында ауырсынулық және сезімталдылық төмендеген, мұрын-саусақ және өкше-тізе сынамаларын жасау кезінде интенционды тремор.

-Науқаста қандай симптомдар анықталды?

-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?

3. Көру алаңдары қалай зеріттелетінін көрсетіңіз.

4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Билет №30

1. FAST синдромы дегеніміз не?

2. Неврологиялы қарау кезінде науқаста анықталады: горизонталды нистагм, көз алмасын жан-жаққа қозғалту кезінде анықталады. Парездер жоқ. Өздігінен жүріп-тұра алмайды, Ромберг позасында құлайды, диффузды бұлшық ет гипотониясы анықталды.


-Науқаста қандай симптомдар анықталды?

-Зақымдану ошағы қайда орналасқан?

3. Қозғалыс координациясы қалай зеріттелетінін көрсетіңіз.

4. Видео немесе суретте көргеніңізді сипаттаңыз.

Құрастырған  кафедра ассистенті С.К. Мусаева

 кафедра ассистенті Г.Е. Толебаева

Кафедра меңгерушісі, м.ғ.к., профессор  Н.А. Жаркинбекова

Хаттама № 1 «27» 08 2025 ж.



Неврология, психиатрия, реабилитология және нейрохирургия кафедрасы

56/11И

«Жалпы медицина» мамандығы бойынша «Балалар неврологиясы» пәнінен бакалаврларды
бақылау-бағалау әдістері

28 беттің 11 беті

1 аралық бақылауға арналған тест сұрақтары

<question>

Балалардағы ең жиі кездесетін бастапқы ісік:

- <variant> Менингиома
- <variant> Лимфома
- <variant> Медуллобластома
- <variant> Глиома
- <variant> Олигодендроглиома

<question> 6 жастан кіші балада карбамазепиннің тәуліктік дозасы:

- <variant> 10-15 мг/кг/тәу
- <variant> 100 мг/кг/тәу
- <variant> 50 мг/кг/тәу
- <variant> 200 мг/кг/тәу
- <variant> 30 мг/кг/тәу

<question> Ауру сезімдік және температуралық сезімталдықтың талшықтары терең және тактильді сезімталдықтың талшықтарымен ... қосылады.

- <variant> көру төмпешігінде
- <variant> сопақша мида
- <variant> ми көпірінде
- <variant> ми аяқшаларында
- <variant> жұлында

<question> Тежегіш медиаторға ... жатады.

- <variant> ГАМК
- <variant> ацетилхолин
- <variant> норадреналин
- <variant> адреналин
- <variant> сератонин

<question> Мойын жуандығын ... деңгейінде.

- <variant> IV-VII мойын сегменттері және I-II кеуде сегменттері
- <variant> I-VII мойын сегменттері
- <variant> III-V сегізкөз сегменттері және құйымшақ сегменттері
- <variant> I-V бел және I-II сегізкөз сегменттері
- <variant> X-XII кеуде және I-V бел сегменттері

<question> Горнер синдромы ... сипаттайды.

- <variant> көз қуысының тарылуын
- <variant> көз қуысының кеңеюін
- <variant> әкелгіш қылилық
- <variant> әкеткіш қылилық
- <variant> конвергенция әлсіздігі

<question> Самай-төменгі жақ буынының дисфункциясында этиологиялық фактор ... болып табылады.

- <variant> жақтың тістеуінің бұзылысы
- <variant> аяқ-қолдарының травмалары
- <variant> үштік нервтің невропатиясы
- <variant> еңбектің ерте жабылуы
- <variant> гиперсаливация



Неврология, психиатрия, реабилитология және нейрохирургия кафедрасы

56/11И

«Жалпы медицина» мамандығы бойынша «Балалар неврологиясы» пәнінен бакалаврларды
бақылау-бағалау әдістері

28 беттің 12 беті

<question> Науқаста мимикалық бұлшық еттерінің параличі. Ең мүмкін болатын зақымдану деңгейі ...

- <variant> көпір-мишықтық бұрыш
- <variant> біз-емізік тәрізді саңылау
- <variant> варолиев көпірі
- <variant> фалопиев каналы
- <variant> ішкі есту жолы

<question> Нәресте рефлекстеріне жатпайды:

- <variant> іштің беткей рефлекстерінің болмауы
- <variant> алақанды ұстау рефлексі
- <variant> экстензорлы плантар рефлексі
- <variant> тоникалық жатыр мойны рефлексі
- <variant> моро рефлексі

<question> Ганглионитатригеминальды түйіннің клиникасына сәйкес КЕЛМЕЙТІН стадия

- ...
- <variant> паралитикалық
- <variant> продромальды
- <variant> алгиялық
- <variant> бөртпелік стадия
- <variant> аурудың кері даму стадия

<question> Тізелік түйіннің ганглионитінің этиологиялық факторы болып табылады ...

- <variant> герпес вирусы
- <variant> алтын стафилококк
- <variant> бета-гемолитикалық стрептококк
- <variant> аденовирустер
- <variant> Эпштейн-Барр вирусы

<question> Одонтогенді нейропатияның созылмалы деңгейінің емінде қолданылатын препарат ...

- <variant> тиамин
- <variant> новокаин
- <variant> гидрокортизон
- <variant> димексид
- <variant> фосфаден

<question> Беткей сезімталдық жолының 2 нейроны ... орналасқан.

- <variant> жұлынның артқы мүйізінде
- <variant> таламуста
- <variant> жұлын-ми ганглийінде
- <variant> жұлынның артқы бағанында
- <variant> жұлынның артқы түбіршегінде

<question> Абсанстарда мынадай электроэнцефалографиялық үлгі патогномоникалық болып табылады:

- <variant> екі жақты синхрондалған жалпыланған толқын-секундына 3 шыңы
- <variant> тұрақты емес Спайк-толқын кешендері бар жалпыланған эпилепсиялық разряд, өткір толқын-баяу толқын, өткір толқындар
- <variant> уақытша секторлардың біріндегі өткір толқын кешендері
- <variant> тұрақты жалпыланған жоғары амплитудалы баяу белсенділік
- <variant> бір жарты шардағы фокальды эпилептиформды масақ белсенділігі



Неврология, психиатрия, реабилитология және нейрохирургия кафедрасы

56/11И

«Жалпы медицина» мамандығы бойынша «Балалар неврологиясы» пәнінен бакалаврларды бақылау-бағалау әдістері

28 беттің 13 беті

<question> Полисомнография жүргізудің негізгі көрсеткіштері:

<variant> ұйқы апноэ, гиперомния, нарколепсия

<variant> фокальды эпилепсия

<variant> өкпе ауруы

<variant> ұйқыдағы эпилепсиялық шабуылдар

<variant> жүйке-бұлшықет аурулары

<question> Омыртқа аймағында пышақпен жараланғаннан кейін науқаста оң аяқтың сіреспелі салдануы және буын-бұлшықет сезімталдылығының бұзылысы, сол аяқта ауырсыну сезімінің төмендеуі дамыды.

Диагнозы анықтау үшін қандай зерттеу әдісін өткізу қажет?

<variant> жұлын МРТ

<variant> бас ми МРТ

<variant> электроэнцефалография

<variant> электронейромиография

<variant> рентгенография

<question> Тексеру барысында науқаста терең сезімталдылықтың бұзылысы, жүрген кезде сенімсіздік анықталды. Көзді жұмған кезде жүру бұзылысы айқындала түседі.

Қандай зерттеу әдісін жүргізген тиімдірек?

<variant> жұлын МРТ

<variant> люмбальді пункция

<variant> бас ми МРТ

<variant> электромиография

<variant> электроэнцефалография

<question> Электроэнцефалография әдісі ... көрсетеді.

<variant> тұтас мидың функционалдық белсенділігін

<variant> құрылымдық морфологиялық өзгерістерді

<variant> жеке жүйке жасушаларының функционалдық белсенділігін

<variant> дисметаболикалық бұзылуларды

<variant> тамырлы бұзылуларды

<question> Науқасты тексеру барысында Th8-Th10 дерматомдары аймағында «белдеу»

типінде беткей сезімталдылықтың бұзылысы анықталды. Терең сезімталдылық сақталған.

Қандай зерттеу әдісін өткізу қажет?

<variant> жұлын МРТ

<variant> ЭЭГ

<variant> РЭГ

<variant> УЗДГ

<variant> бас ми МРТ

<question> Ер кісі оң жақ маңдай аймағындағы ауру сезіміне және көпіршік түріндегі бөртпелерге, сонымен қатар кератиттің дамуына шағымданады.

Қандай препаратты тағайындаған тиімді?

<variant> вирусқа қарсы

<variant> антибиотик

<variant> гормональды

<variant> қантамырлық

<variant> ноотропты



Неврология, психиатрия, реабилитология және нейрохирургия кафедрасы

56/11И

«Жалпы медицина» мамандығы бойынша «Балалар неврологиясы» пәнінен бакалаврларды бақылау-бағалау әдістері

28 беттің 14 беті

<question> Науқас жұмулы көзбен оң қолмен құралдарды сипау арқылы тани алмайды, бірақ оның қасиеттерін сипаттап бере алады. Үстірт сезімталдылық бұзылысы анықталмайды.

Осы симптом қалай аталады?

<variant> астереогноз

<variant> апраксия

<variant> анакузия

<variant> агнозия

<variant> афазия

<question> Сезімталдылықтың сегментарлы «жартылай кеудеше» түрінде бұзылысы . . . зақымдалғанда анықталды.

<variant> жұлынның артқы мүйізі

<variant> жұлынның алдыңғы бағаны

<variant> бет нервінің ядросы

<variant> ішкі капсула

<variant> көру төмпешігі

<question> Сенситивті атаксия жұлынның . . . зақымдалғанда анықталды.

<variant> артқы бағаны

<variant> артқы мүйізі

<variant> артқы түбіршегі

<variant> жұлын-көру төмпешігі жолы

<variant> жұлын ганглийі

<question> Гемигипестезия, гиперпатия, гемианопсия ... зақымнда кездеседі

<variant> көру төмпешігі

<variant> варолиев көпірі

<variant> сопақша ми

<variant> ішкі капсула

<variant> бас миының маңдай бөлімі

